

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ӘУЛИЕ» ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ САКРАЛЬДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ*

¹Нәби Ә.Ж., ²Абжалов С.У.**, ³Нұрматов Ж.Е., ⁴Рыскиева А.Ә.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

^{2,3}Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)

⁴Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Алматы, Қазақстан)

¹adilbeknabi15@gmail.com, ²sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz,

³zhakhangir.nurmatov@ayu.edu.kz, ⁴abuaymjan@gmail.com

¹Nabi A., ²Abzhalov S.**, ³NurmatovZh., ⁴Ryskiyeva A.

¹Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

^{2,3}Khoja Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan)

⁴Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan)

¹adilbeknabi15@gmail.com, ²sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz,

³zhakhangir.nurmatov@ayu.edu.kz, ⁴abuaymjan@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада «Ұкаша ата құдығы» мәселесін философиялық талдауға бетбұрыстар жасалды. Алдымен «сакральділік» мәселесіне шолулар жүргізілді, ол дінтану әдіснамасы бойынша өзіндік бір мағыналыққа ие екендігі туралы мағлұматтар берілді. Ұкаша ата құдығы туралы сакральділік екі арнада қарастырылды. Біріншісі, Ұкаша атаның өзінің тұлғалық болмысы, өмірбаяны, ислам діні мен қоғамдағы орны болса, екіншісі, құдықтың нақты тарихи мазмұны мен жалпы «құдық» феноменінің сакральді сипаты. Бұл зерттеулерімізде біз алдымен, Ұкаша ата мен оның құдығы туралы таза этнографиялық көзқарастарды негізге алдық. Бұл көзқарастардың ішінде халықтық дүниетанымдағы сакральділік пен Ұкаша ата, оның құдығын құндылықтық бағдарлар деп танитын діни апологетикалық көзқарастар ғана негізге алынды. Сондықтан да, басқа жаратылыстанулық ғылыми мәліметтер болмағандықтан, нарративті білімдер мен ислам дініне басымдылық беретін діни философиялық пікірлерге сүйендік. Дегенмен, рационалды философиялық көзқарас тұрғысынан талдау қолданылды. Этнографиялық мәліметтер ретінде қоғамдық санадағы пікірлерді жинақтап, Ұкаша ата құдығы туралы мәселені интегративті таным аясында қарастыра келе, оған әркімнің көзқарастар тұрғысынан қорытындыларымызды ұсындық: амбивалентті диссонанс; еркін-ойдың демистификациясы-скептицизмі; аксиологиялық-сакральді құндылықтарды қайта бағалау; ұлттық діл мен код; деконструкция-психоаналитикалық тәсіл; прагматистік реконструкциялау – ақиқат өлшемі; редукционизм; лингвистикалық философия.

Түйін сөздер: сакральділік, әулие, құдық, философия, ислам діні, мистика-мифология, ұлттық бірегейлік.

* Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (Грант №AP19680093 «Матуриди және Иасауи ілімдері негізінде Абайдың теологиялық тұжырымдамасы»)

**Автор-корреспондент - Абжалов С.У. sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz

Kipicne

Әлемдік мифологиялық-мистикалық дүниетаным қазіргі таңда ғылыми дүниетаныммен қатар құрылымданған. Ол сакральділік феноменінен келіп орайласады. Қазіргі тарих, этнография, этнология, дін философиясы т.б. ғылыми бағдарлар мен нарративті білімдер аясында, бұл беталыс – елімізде «Киелі жерлер», «Қасиетті жерлер» деген түсінікпен тарихи-мәдени құндылықтар және оларды қастерлеу мен қорғау аясында да қолдау тауып отыр. Соның бірі – «Ұкаша атаның қасиетті құдығы». Бұл құбылыстар осындай киелі жерлерге дін философиясы, феноменологиялық зерттеулер негізінде қазіргі қазақ философиялық ой контекстінде қарастырыла бермейтін өзекті мәселердің бірін құрайды. Өйткені бұл ұлттық исламдық діни және мәдени тәжірибелердің рәміздік тәжірибелері мен тарихи мұралары ретінде бағдарланады, скаральдік мән ретінде құндылықтар ретінде бағамдалады. Бұл қасиетті жерлердің метафизикалық негіздерін терең талдаудың бірегей мүмкіндігін бере алады. Қазақ халқының тарихи тіршілік болмысы мен мистикалық дүниетанымын қайта зерделеу барысында киелі жерлердің бірі осы құдықтың нышандық мазмұнын түсіну қазақы-мұсылмандық діни-мәдени тамырлар мен рухани ұстындарды реконструкциялауға да мүмкіндіктер ашады. Алдымен, қазақ халқы түсінігіндегі «әулиелік» феноменін де ескере отырып, олардың рухани және материалдық мұраларын тұтастай қарастыру бізге осы киеліліктің мағынасын ашуға ықпалдаса алады.

Метафизикалық және сакральдық мағыналарын анықтау үшін Ұкаша ата құдығының негізгі мағынасын халықтық дүниетаным аясында және философиялық талдаулар негізінде ашып көрсету.

Әулие Ұкашаның қасиетті құдығы тақырыбына қатысты бұрынғы-соңғы ізденістер негізінен көп жағдайда этнографиялық, тарихи, фольклорлық деңгейде қарастырылды да, рәміздік діни-философиялық тұрғыдан келу назардан тыс қалды. Осы себепті құдық киелілігінің философиялық негіздерін терең талдау қажет. Дегенмен, соңғы уақыттарда мистикалық-демистификациялық, мәдениеттанулық-діни философиялық, прагматистік-тәжірибелік зерттеулер жүргізу беталыстары да жоқ емес [1, 12 б.].

Ендеше, бұл зерттеудің болжамы қасиетті құдықтың метафизикалық және символдық тұрғыларын рухани таным қабаттары арқылы анықтау мүмкіндігі және бұл оның тарихи-рухани контекстегі рөлін терең түсінуге ықпал етеді. Атап айтқанда, қазақ мәдениетін әлем халықтарынан даралап тұратын әулиеге зияраттаудың онтологиялық негіздемелерін ашып көрсететін бағдарлар ұсына алады.

Зерттеу әдіснамасы

Қойылған мақсатқа жету мен зерттеу міндеттерін орындау үшін ресейлік әдістемеші Ф.А. Кузиннің «Методика написания...» кітабындағы ұсынымдарына сәйкес аналитикалық, философиялық және салыстырмалы тарихи талдау әдістерінің жиынтығына негізделген кешенді әдіснамалық тәсіл таңдалды [2, 18 б.]. Дінтану әдіснамасының негізгі әдістері: феноменология, прагматизм, эпистемология, тарихи-салыстырмалы талдау т.б. қолданылды.

Зерттеудің бастапқы кезеңі ретінде діни символизм мен метафизикалық аспектілерімен байланысты философиялық әдебиеттерге талдау жасалды. Бұл кезең тиісті отандық-шетелдік еңбектерге шолу жасауды, әсіресе, «Қазыналы оңтүстік» атты көптомдық жобаның әулиелерге арналған танымдық-талдамалық томдарының басқа да діни мәтіндер мен қасиетті құдықтың рәміздік мәні туралы ақпаратты қамтитын дереккөздерді талдауды қамтыды.

Қасиетті құдықтың бейнесі кездесетін әртүрлі мәдени және діни дәстүрлерге, әфсаналар мен фольклордағы, қазіргі заманғы діни философиялық көзқарастар жинақталып, оларға герменевтикалық талдаулар жасалды. Діни символдық және метафизикалық сәттерді анықтау мақсатында құдықтың бейнесіне қатысты әртүрлі діни канондарды, мифологиялық тақырыптарды және діни тәжірибелер бойынша рәсімдерді зерттеу де қамтылады. Мәселен, А. Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихы» аясында тұжырымдаған қазақ халқының діни генезі мен этномәдени байланыстарының елеулі дерек көздері – сакральдық-тарихи аңыз-әфсаналар [3, 2 б.] негізге алынады.

Әлемдік дін философиясымен, дінтану әдіснамасымен шұғылданатын философтардың зерттеулері мен тұжырымдамалары негізге алынады. Біз қарастырып отырған зерттеулер тек дінге ғана емес, алғашқы діни сенім элементтерін де қамтитын болғандықтан, миф философиясымен, мистикамен шұғылданатын зерттеушілердің де еңбектері қолданылды. Діни прагматизмдегі діни әрекет (тәжірибе), феноменологиялық редукционизм, еркін ой, деконструкция, психоанализ т.б. әдістер қолданылды. Өйткені, Ұкаша ата құдығы тек қана ноуменалды мәнге ие емес, ол діни әрекеттер арқылы жүзеге асады.

«Сакральділік», «киелілік», «қасиеттілік» ұғымдарының генетикалық бірлігі

Біз қарастырып отырған Ұкаша ата құдығы діни тәжірибеде (діни әрекет) халықтық дүниетаным бойынша нарративті білімдер аясында сакральділік мағына ие болады. Осы тұста, «сакральділік», «киелілік», «қасиеттілік» ұғымдарын генетикалық бірлікте қарастырып, оның мазмұнына қысқаша шолу жасап өтуіміз керек.

Қ.А. Затов, С.У. Абжалов дін феноменологиясында киелілік, киелі зат, киелі орын, киелі сан, киелі кеңістік пен уақыт және т.б. белгілі бір құпиялылық пен қасиеттілікпен байланысты екендігін талдап көрсетсе [4, 36-45 бб.], дін философиясы бойынша зерделеуші Р. Отто киелілік негізінен алғанда иррационалды сипатқа ие болады деп пайымдайды [5, 225 б.]. Мирча Элиаденің осы киелілікке қатысты түсінігі – өмірде асқақ мағына ие болатын экзистенциалдық мәні бар, өмірлік діни тәжірибеде қасиеттілік ретінде орнығатындығымен келіп түйіседі [6, 52-63 бб.]. Қасиеттілік ұғымын таразылаған С. Абжалов: «Қасиеттілік деп, әдетте діни әдет-ғұрыптарда қолданылатын, Жаратушыға арналған заттар мен салт-жораларды білдіреді. Құдайылық атрибутиканы да айтуға болады. Қасиеттілік көбінесе, тазару, аластату ритуалы болып жатқан кезде сипатталады, яғни, тазартылған зат қасиетті болады немесе болмауы да мүмкін, егер де ол пендешілік-тұрмыстық мақсатта пайдаланылса, (мысалы, пасхалық жұмыртқа). Ал киелі атрибуты оның Жаратушыға тән екендігі және Құдай нұры жауған

сипатта екендігін байқатады. Киелі мен қасиетті ұғымдары кейбір кезде әдіс-құрал немесе мақсат-мүдде ретінде қолданылады» [4, 36-45 бб.]. Яғни, «киелі» ұғымының мазмұны, егер де кеңірек алсақ, біздіңше мыналарды қамтиды: діни-мистикалық идеялар – негізгі діни мәтіндер, киелі, қасиетті болып саналатын субъект, мәселен, әулиелер; сол киеліге қатысты материалдық құндылықтар: көне үңгірлер, мазарлар, фетиштік табиғат заттары т.б.; сол киелі нәрсеге немесе адамға қатысты болатын заттар, тұрмыстық дүние мүліктер; киелі болып саналатын тұтас кеңістіктік аймақтар, киелі жерлер т.б. Н. Зедерблом атап өткендей, кие – жеке, нақты адамдарға қатысты және олар көпшілікке емес, белгілі бір элиталық адамдарға тән болып келеді [7, 360 б.).

Демек, киелілікті когнитивтік тұрғыдан концепт ретінде қарастыратын болсақ, мынадай микро-макрокомпоненттерін, фреймдерін жинақтап көрсете аламыз: тарихи құндылықтық заттар мен элементтер, діни-сенімдік тәжірибелер арқылы айтентикаланады, эстетикалық-эмоционалды мағынасы болады, интуитивті-иррационалды және рационалдандыруға бейім емес, құдай идеясымен байланыстылық; жеке тұлғаларға таңылатын трансцендентті мән жамайтын мәртебе т.б. Олай болса, сол «әулие» адам мен оның тұтынған бұйымдары, өмір сүрген аймағы т.б. тұтасымен сакральданады. Мәселен, М. Жетпіспай атап өткендей: «Ел аузындағы деректерде балаларын оқытқан ахунға риза болған Ноғай деген кісі үш диірмен тарту еткендігі айтылады. Бүгінгі күні қол диірмен ұрпақтарында сақталса, жел диірмен ахун жерленген қорымға жақын жердегі бұзылған мешіт жанына құрылған. Ғұламаның кітаптары мен қолжазбалары Қармақшы ауданындағы ахунның қарашаңырағы болып саналатын Әжмағанбет баласы Абдулғазимнің қолында сақталып тұр» [8, 5 б.]. «Жоғарыда аталған Қазиишан 1943 жылы осы киелі орынға көшіп келіп, 1984 жылы ата-баба топырағында дүниеден озды» [9, 48-51 бб.] – деген пікірде де киелілік мағынасы сол аймақ, белгілі бір кеңістік бойынша анықталып тұр.

Осындай көне мазарларды, киелі орындарды, тарихи орындарды, қамалдарды, қорғандарды т.б. қастерлеу қазақ халқының дүниетанымында тым көне замандардан бастау алады. Осы үрдіс бірнеше ғасырлар бойы сақталып қалғандығын Ресей зерттеушілері де этнографиялық жазбаларында айрықша атап көрсеткен [10, 332 б.].

Бірақ бұл сол «әулиелік» тұлғаларға қатысты айтылатын перифериялардың барлығын қамтиды. Демек, бұл тұстағы «субстанционалданған индивидуалдылық адам» ерекше бір қасиетке ие болған тұлға болып шығады. «Халық арасында ерекше діндар тақуалығымен, шипа дарытқан емшілігімен әйгілі болған, керемет қасиетке ие, қауымға рухани тәрбие жүргізуші тұлға. Әулие Уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қасиетті деген мағына береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты желеуші, жебеуші деген мағына береді. Қазақ тілінде кейде әулие-әнби деп қосарланып та айтылады. Бұндағы әнби арабша, нәби, яғни, пайғамбар деген сөздің көпше түрі. Әулие туралы ұғым ислам діні тарихының әр түрлі кезеңінде әрқилы мағынаға ие болып дамып отырған. Сопылық ілімінің ілкі дәуірінің өкілдерінің бірі – Зүнін Мысыри еңбегінде осы термин теософиялық мәнде қолданылады», – дей келе, Арыстанбап, Ясауи, Үкаш ата, Сактық Бұхрахан, Баһауаддин Нақшбанд, Бекет ата, Науан хазірет, Марал ишан, Қалжан ахун, Мәшһүр Жүсіп Көпей, Шәкәрім т.б. әулиелік жолды жалғастырушылар болып саналады деп белгілейді» [11, 465-466 бб.].

Дегенмен, бұл мәселелер, оның ішінде Ұкаша ата біздің елімізде ғылыми-жаратылыстанулық қана емес, философиялық тұрғыдан да жете зерттелмеген, тек этнографиялық, нарративті білімдер аясында шектеледі де, тек хаттамалық (протоколды) ақпараттар ғана тасымалданады. Ендеше, біз, бұл тұста, ол: «әулие ретінде танылады, ал оның құдығы айрықша сакральді мәнге ие» деген нарративті ұстанымдарды былайша дәйектей аламыз.

Бүгінде бұл құдық Түркістан облысы Бабайқорған ауыл әкімшілігіне қарасты Серт ауылынан 12 шақырым солтүстік-шығыста, Қаратау етегінде орналасқан Ұкаша сахаба қорымы кешенінің бір құрамдас бөлігі. «Қазыналы оңтүстіктің» Оңтүстік Қазақстан облысының агиотопонимдеріне арналған 144-томында кітап құрастырушылары Қ.Т. Тәжиев пен Ш.И. Исахова топшылауына сәйкес, оның өзі одан бір шақырым шамалас батыста, қатпарлы тасты жотада орын тепкен. Жергілікті ел-жұрт ол тасты жотаны «Ұкаша сахаба төбесі» немесе «Ұкаша сахаба құдығы» деп қос-қабат атай береді [12, 290 б.]. Әулие кешенімен бірге ол 1996 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы қамқорлығына беріліп, мемлекет қарауына алынды. Оларға Қазақстанмен қатар Қырғызстан, Өзбекстан, Иран, Пәкістан, Түрікменстан, Түркия, Араб және Ресей сияқты елдер азаматтарының бір тобы зиярат етсе, екіншілері тамашалау үшін туристік мақсатта келіп кетеді.

Құдықтың физикалық сипаттамалары мынадай: Оған 128 басқышпен көтеріледі. Құдық басына диаметрі төрт метрлік киіз үй үлгісінде қоршау салынған. Қабырғасы күйген қыштан өріліп, іші кереге үлгісінде торлама темірмен қапталған, төбесі шаңырақты. 0,90x0,55 метрлік құдық аузына темір қаппақ қойылған. Үйдің іші цементтеліп, айнала орындық қойылған. Есігі шығысқа қараған. Құдықтан 4 метр оңтүстікте 6x4 метрлік шырақшы үйі бар, оның да есігі шығысқа қараған [13, 80-83 бб.].

Рас, заманауи ғылымның Ұкаша – Ұкаша ибн Михсон (толық аты-жөні) – ауызекі тілде «Ұкәш ата» туралы білетіні көп емес. Ғалым-жазбагерлер – Ш. Уәлиханов жазбаларында «Оксе», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлында «Хазірет Ғакаша», «Ақкөсе сахаба», «Ғакаша Сақапа», Г. Потанинде «Акаш» деп көрсетіледі [14, 458 б.].

Ел арасындағы әңгімеге қарағанда, Имам Мұхаммед-Ханафия өзінің туыстары мен сенімді сахабаларын жинап Ислам дінін тарату үшін ата-баба жолымен жорыққа аттанады. Олардың қатарында Құсам ибн Аббас ибн Әбдімүтәліп пен Ұкаша ибн Михсон да болады. Құсам – Алла Нәбиінің әкесі Абдулланың туған ағасы Аббастың баласы болса, Ұкаша ең жақсы көрген сахабасының бірі және Әзіреті Әлінің қарулас серігі, жаужүрек батыр-қолбасшы болған деседі.

Тағы бір аңыздар бойынша оның бойы өте ұзын, үш метрдей кісі болыпты. Түйеге мінгенде екі аяғы салбырап, жерге тиіп тұрады екен. Қ.Т. Тәжиев пен Ш.И. Исахованың жеткізуінше, Ұкаша ата аламан қырғын соғыстарда барлық уақыттарда Әзіреті Әлінің қасынан табылған. Әлі қырғын соғысқа енгенде бет алдындағы жаумен соғысса, оның артын қорғаушы мұның өзі екендігі айтылады. Осылайша күш біріктіріп ұрыс жүргізген Әлі мен Ұкашаға жау төтеп бере алмапты [12, 289-290 бб.].

Ұкаша ата құдығының да жоғарыда аталып өткен философиялық мәндерін ашу, репликацияларын тарқату үшін ең алдымен, «құдық» ұғымының жалпы символизімін пайымдап алу аса маңызды. Мысалы, әйгілі неміс синологтары

Ричард пен Гельмут Вильгельмдердің «Понимание «И Цзин» кітабында көне қытайлық трактатты еуропалық дәстүрмен параллель жүргізе отырып түсіндіргенде, құдық тақырыбына да тоқталып өтетіні бар. Сонда олар: «Құдықтың қасиетті құпиялығы жер мен судың қасиетті құпиялығын біріктіреді. Жерден ағып шығып жатқан судың емдік күшіне деген сенім ғасырлар тереңінен арна тартады. Көптеген халықтардың қасиетті бұлақтар мен құдықтарға қатысты культтерін еске түсіру жеткілікті. Бұлақ культінің мәні мәңгілік және еркін ағу болды. Рим тарихшысы Варрон: «Бұлақ – бұл жерден ағып шығатындықтан да киелі су» деп түсіндіреді. Бұлақтар мен құдықтардың суларына тазарту, ауруларды емдеу, ашты тойындыру қасиеттері телінеді. Олардың айналасында «зиярат» орындары пайда болады және су көздерінің керемет-ғажайыптары туралы аңыздар ол жерлерге халықты ағылдырады» [15, 224 б.] – дейді.

Ричард пен Гельмут Вильгельмдердің тәпсірінше, көбінесе бұл құдықтар таңғажайып жолдармен пайда болған болып келеді. «Мұсылмандардың қасиетті зәмзәмі шөл ортасында Ысмайылды анасымен бірге ажал аранынан құтқару үшін Құдірет қалауымен пайда болды. Бұл жердің айналасында кейінірек қасиетті Мекке қаласы бой көтерді. Мұсылмандар «Зәмзәм көзінің бастауы жұмақта жатыр» деп санайды. Терең, жұмбақ, өмір беретін ылғалға толы құдық өз суымен шөлді қандырып, құтқарылуға үміт береді. Мүмкін, сондықтан да көптеген дәстүрлерде ол шындықтың, ілімнің, Құдай сөзінің символы ретінде қызмет етті. Яхуди символизмінде таза су құдығы Тауратты бейнелейді. Христиандықта бұл құтқарылу мен тазартуды білдіреді және Бибі Мариям бейнесімен байланыстырылады. «Кімде кім шөлдесе, маған келіп ішсін» дейді Иса Мәсіх» деп тұжырымдайды екеуі: – «Бұл нышанның басқа мағыналары оның тереңдігіне байланысты. Тілектер құдықтары немесе білім, есте сақтау, шындық немесе жастық құдықтар сиқырлы күштердің көзі ретінде жер асты әлемінің символизмін еске түсіреді» [15, 224 б.].

«Түркістан – руханият бесігі» лингво-өлкетану энциклопедиясында тарихшы ғалым М. Қожа әзірлеп келтірген аңыз бойынша Ұкаша ата Мұхаммед пайғамбардың сахабасы екен. Оны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейді. Жаулары айла жасап, оның әйелін алдап, сахабаның осал жерін біліп алыпты. Ұкаша ата тек таң намазын оқыған кезінде қорғансыз болады екен. Оны білген кәпірлер әулие ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып, құдық болып Ұкаша ата басы оған түсіп, жер асты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті «Сахабаның қаны тамған жердің бетіне содан ұзындығы 21 метр белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Ұкаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып, су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулер қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» [14, 459 б.].

Енді осы аңыздар желесіндегі мистификациялардың тізбегін көрсетуімізге болады: Ұкаша атаның сахабалығы яки кімдігі туралы мәселе; оқ етпес, қылыш шаба алмас, қазақ ұғығымен айтқанда, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, жеңімпаз берен адамдығы мәселесі; шабылған бастың домалап кетуі мен жердің

қақ айырылып, құдықтың пайда болуы, бастың оған түсіп, жер асты суы арқылы Меккеге жетуі мәселесі; құдықтан қауғамен біреулерге көп, кейбіреулерге аз мөлшерде алынуының мистикасы т.б. «Қазыналы оңтүстіктің» әулиелерге арналған 3-кітабында «Үкашаның аманатты тапсыруы мен сахаба атануы» баянына сілтеме бере, «Үкаша сахабаның тегі мың жыл бұрынғы Үндістан елінің патшасы болған білімді, парасатты әулетке барып тіреледі» [13, 83 б.].

Осындай құдық Қазақстанда, қала берді оңтүстікте жалғыз ғана десек қателескен болар едік. Көбінесе, кие-сакральды, философия тілімен айтқанда, «естелік орындарында» құдықтар, қасиетті суы бар бұлақтар болатыны мәлім. Мысалы, «Қыз әулиенің құдығы» – Киелі Орданың 30 метрлік құдығы бар. Суын емдік үшін ішеді. «Дәреті жоқ немесе ниеті бұзық адамдардың тастаған шелекке Үкаша атаның құдығы сияқты су бермейтін де қасиеті бар». «Киелі Орда» деген атпен таныла бастаған Қыз әулие орны Сайрам ауыл әкімшілігі Тассай ауылының солтүстік-батысында 2 шақырымдай жерде, немесе Шымкент-Тассай тас жолының темір жол астынан өтетін тесік көпірінен өткен соң, 2 шақырым оңтүстік-шығыста орналасқан. Қожа Ахмет Ясаиудің қызына қатысты «Гауһар ана шипа суы» деп аталатын да құдық бар. Осы гаухараналық құдық суының денеге шыққан әртүрлі жараларды кетіретін емдік қасиеті барлығы БАҚ бетінде жиі жарияланады. Гауһар ана кесенесі 1989 жылдан «Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы құрамына кіріп, мемлекет қарамағына алынған. «Ел арасындағы әңгімеде ана қабірінің төбесін бірнеше рет жапқанға ұқсайды, барлық уақытта бұзыла берген. Өйткені Гауһар ана «Менің төбем жабылмасын. Дертіне шипа іздеп келушілерді көріп, алыстан емдеп жатайын» деп аманат айтқан деседі. Сондықтан да қабір үсті жабылмай, келушілер зияратты сырттағы терезе түбіндегі орындықтарға отырып жасайды. Кесене басында құдық бар. Оның суы түрлі ауруларға ем. Бұл құдықтан су алып, үстіне құйып, сыртқы дүниені сумен тазартуға, ішкі дүниені кесене ішінде дұға оқып, бата қайырып тазартуға болады дегенді білдіреді». Үкаша атаның кешеніне маңайлас – Жылаған ата әулиеге баратын жолды көп адам біле бермейді. Жергіліктілердің сөзінше, Қарнак, Серт қыстақтарынан өтіп, Әзіреті Үкашаның кесенесін көрген соң батысқа қарай жүру керек. Оған баратын тау жолында тереңдігі 2,5-3 метр келетін құдық кездеседі. Оның түбіндегі суы көрініп жатыр [16, 279 б.].

Осыдан тарихи айғақтардың шындығын верификациялауды қажет ететін сауалдар туындаған: Үкаша ата нақ сол жерде жерленген бе? «Қаратау бөктеріндегі Үкаша сахабаның қаза болғанда бассыз денесі қойылған жеріне қойған белгісі жылдар өте заманның құбылып, өзгеруінен таудың майда тасынан үйіліп қалғанымен жермен-жексен болып, ұмытылып қалған [13, 75 б.]. Айталық, А. Мұстафаеваның «Түркістан тарихы мен мәдениеті» ғылыми жинағына енген «Түркістан өңіріндегі әулиелер» жазбасында: «Біраз әулиелердің қабірі осы жерде деп сол әулиелер жайлы аңыздар айтып, өздерін солардың ұрпақтарымыз деп есептейтіндер көп кездеседі. Ал тарих беттеріне үңіліп қарасақ ақиқаты олай емес» дей келе: «Мысалы, Үкаша ата мазары Қаратауда деп ел-жұрт сол жерге ағылып жатады. Расында да сол жерде өте ұзын Үкаша атаның «қабірі» бар. Ал шындығында Үкаша атаның мазары Меккеде екен. Неге енді бұлай болған?» [17, 212 б.] – деп сауалдайтыны бар. Көктәнді: «Бұл сағана тұрғызылған жер – Үкаша ата сүйегінің емес, жуғысының орны. Әулиенің киелі денесін жуған

су осы жерге сіңген. Дұшпандары қорламасын деген оймен сүйегін басқа жерге қойған» [18, 105 б.], – деп пайымдайды. «Қазыналы оңтүстіктің» әулиелерге арналған 3-кітабында да тура осы пікір айтылып, бірақ оған «қанды» қосып, «...және оның басынан қан шашыраған аумақты да аяқасты болмас үшін қоршап қойған», – деген пікірлер, әрі қарай оның архитектурасына тоқталумен жалғасын табады. Кесене ішіндегі қабірдің ұзындығын қадамдағанда 40 қадам, яғни мазар ұзындығы 22 метр келеді. Мұның мәнісі – бұл сағана тұрғызылған жер Ұкаша ата сүйегінің емес, жуғысының орны. Әулиенің киелі денесін жуған су осы жерге сіңген және оның басынан қан шашыраған аумақты да аяқасты болмас үшін қоршап қойған [13, 76-77 б.].

Ал құдықтың сакральді мәні халық арасында сақталып қалған. Теберік құдықтағы суға шелек түсірген зияратшылардың бәріне бірдей су шыға бермейді. Зиярат етушілер су шығатын болса, «Ол адамның зияраты, тілегі қабыл болды» деп түсінеді. Кейде қанша рет салса да шелекке бір тамшы су ілінбеуі де мүмкін. Яғни, су біреуге беріледі, біреулер қанша мәрте шелек салғанымен, су берілмейді. Шарт бойынша шелекті суға үш-ақ рет салу керек. Алла тілегін берсе, құдыққа тастаған шелектен су шығады. Осы суды ішкен адам бүкіл қайғысынан арылып, бүкіл орындалмаған арманына жетеді деген сенім бар. Жергілікті халық фольклорында «Ұкаша сахабаның құдығындағы суы жер асты арқылы Меккедегі Зәмзәм суымен байланысады» деп айтады. Сондықтан болар, барша мұсылман жамағаты құдықтың басында Алладан тілек тілеп, күнеларынан арылуға және Ұкаша бейітіне зиярат жасауға келіп жатады [13, 79 б.]. Мәселен, ресми жарияланымдарға қарағанда, 2019 жылдың өзінде 142 186 зияратшы-турист Ұкаша ата кесенесі мен құдығын тамашалаған [19].

Түркістан өңірінде осы құдыққа қатысты мынадай аңыз сақталған екен: «Ұкаша ата әулиенің шырақшысы Атабайдан, бау-бақша еккен өзбек Камал ешен екен. Сол жерге зиярат етуге бірде Әбубәкір қары да барыпты. Сонда ол әулиенің шырақшысы Камалды құдықтан су алып келуге жұмсапты. Ешен көп кешігіпті. «Бұл антұрғыр су ала алмай қойды ғой» деп қарының өзі барса, бақырына су ілінбеген ешен қапалықпен жылап отыр екен. «Жылап отырғаның осы су ма? Бисмиллаһир-Рахманир Рахим» дейді де, қары бақырды құдыққа салып, су алады. Әсілінде Камал ешен Әбубәкір қарының былапыт сөздерін жақтырмай, сыртынан «тентек» деп күнәһар болыпты».

А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу» еңбегінде: «Көнекөз қарттар тарапынан айтылатын қария сөздер, яғни қазақтың ауызша тарихы ең алдымен қоғамның рухани сұранысына қызмет етіп, адамдардың санасына елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты таным-түсінік қалыптастыратын, сөйтіп олардың жүрегін асқақ сезімдерге бөлейтін» дейді ол: – «Нәтижесінде әркім өзін әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге «Қарға тамырлы қазақ» деп аталатын ұлттың да бір бөлшегі ретінде сезінетін. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің қазақ болып жаралғанын Тәңірдің дарқан сыйына балайтын. Мұндай ахуал көз көріп, құлақ естіген шындық» [3, 3 б.].

Әулиелер мен қасиетті заттардың символдық құндылығы көбінесе олардың материалдық құндылықтарынан асып түсетінін түсіну маңызды. Бұлар физикалық нысандарға ғана емес, сонымен бірге рухани мұра, киелілік пен сенімнің тасымалдаушыларына айналады.

Қорытынды

Ұқаша ата құдығы туралы этнографиялық мәліметтерде философиялық тұрғыдан және плюралистік таным бойынша, оны әртүрлі негізінде қарастырсақ, мынадай қорытындылар ала аламыз:

1. *Амбивалентті диссонанс*. Қазіргі тарихшылар мен мәдениеттанушылар, дінтанушылар арасында екі ұдай көзқарастар қалыптасқан: исламшыл апологеттер бірнеше жылдық түркі-араб соғыстарын жұмсартып, ислам діні бейбіт жолмен келді деген идеологияларды құптаса, кейбір көзқарастар шынайы тарихқа бетбұрыс жасап, түркілер мен арабтар арасындағы соғыстардың дін таратушылық сипатының зорлықшылдығына ғана назар аударады. Біз бұл тұста, исламдық апологетиканың діни пайымдауларының нарративті білімдеріне ғана назар аудара отырып, қарапайым қоғамдық санадағы «құдық» сакральділігі туралы этнографиялық мәселелерге тоқталдық.

2. *Еркін-ойдың демистификациясы-скептицизмі*. Егер де, қойылып отырған мәселеге мистикалық-діни метафизикалық сенім тұрғысынан келсек, таза рационалдық пен логоцентристік парадигманы негізге алсақ, Ұқаша ата құдығында, шындығында да, табиғаттың заңдылықтарына бағынбайтын (аномальді) құбылыстар кездесетін болса, ол исламданған ғана болуы ықтимал деп болжамдаймыз. Мәселен, ондай құдықтар егер де, Еуропада болса, оны да христиандандыруға болады немесе Израил жерінде болса, оны иудаистік сенімдермен детерминациялауға да болатын тәрізді.

3. *Аксиологиялық-сакральды құндылықтарды қайта бағалау*. Ұқаша ата құдығы қазіргі таңда қоғамдық санада Оңтүстік өңірлерінде және еліміздің басқа да аймақтарында тарихи-діни сенімдік тұрғыдан алғанда сакральдік мәнге ие, ол құндылықтар ретінде бағаланған. Бірақ оны, әсіресе демистификациялау мен оған шектен тыс трансцендентті мағына жамау – бұл орынның киелілік деңгейіне байланысты заманауи жаңа конструкциялар (неомифтер) құруға алып келіп, оның тарихи-табиғи сакральділігіне нұқсан келтіруі де ықтимал екендігін ескерген жөн.

4. *Ұлттық діл мен код*. Құдық туралы ғылыми жаратылыстанулық немесе философиялық зерттеулер толыққанды жүргізілмеген, тек қана бізге белгілі нарративті білімдер мен халықтық фольклорлық мәліметтер ғана бар. Өйткені, бізде басқа мәліметтер жоқ. Оның да өзіндік себептері бар, ол алдымен, кейбір әлем халықтарындағы, оның ішінде, қазақ халқындағы «өлілер әлемінің тыныштығы» туралы ұстанымдардың орнығуы. Яғни, олардың «әлемін» «мазалай беруге болмайды» деген табулар бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Өйткені, қасиеттілік, киелілік деген түсініктердің өзі ұлттық ділде белгілі бір деңгейлерде табулармен шектеледі. (Өйтсе де, антрополог О. Смағұлдың бағзы замандағы адамдардың бас сүйектерімен зерттеулер жүргізгендігі белгілі).

5. *Деконструкция-психоаналитикалық тәсіл*. Бұл тұста, мифтерді (демифологизация) дінді мистиканы (демистификация), діни метафизиканы (десакрализация) тұтасынан алып тастап, осы құдық туралы ақпараттар мен білімдерді эпистемологиясыздандырып қайта құрылымдасақ (деконструкциялау), дінтану эпистемологиясына үңілсек, ол алдымен, тарихи мұра, ұлттық бірегейлікке деген ұмтылыстардың өзіндік бір рухани құралдарының бір бөлігі, халықтың тарихи

жадысындағы архетиптер, психоаналитикалық тұрғыдан алғанда жәрдемдесулер (компенсациялар) мен сүйеніштер т.б. ретінде өз алдына прагматикалық құндылықты құрайды.

6. *Прагматистік ақиқат*. Бұл тұста, абсолютті ақиқатқа ұмтылатын беталысты, діни сенімдердің ақиқат-ақиқат еместігі туралы дихотомия мен бинарлық ойлауды алып тастасақ, «қазіргі таңда ол халықтың игілігіне қаншалықты пайдасы тиіп отыр?» деген сұрақтарға ғана жауап іздейміз. Егер де, ол жаппай барша халыққа емес, белгілі бір адамдардың тобына діни әрекеттер арқылы қандайда болмасын игілікті пайдасын тигізсе және этикалық тұрғыдан өзгелер үшін антигуманды болмаса немесе мемлекеттік саясатқа, ұлттық идеологияға қайшы келмесе, онда ол – «ішінара», «әзірге» ақиқат болып шығады. Өйткені, дінді прагматистік тұрғыдан талдау барысында, кей жағдайда діни тәжірибе, діни әрекет басты назарға алынатындықтан, мәселе, бұл тұста, біз үшін сол діни әрекеттің пайдасы туралы болып отыр.

7. *Редукционизм*. Қойылып отырған мәселені, *примитивтендіріп* редукцияласақ, нақты сол құдық емес, жалпы «құдықтың» экзистенциясына кезігіміз. Араб жеріндегі және қазақ даласының кейбір тұщы суы тапшы шөл, шөлейт аймақтарындағы құдықтың таза өмірмәнділік маңыздылығын ескеруіміз керек. Оны шөл даладағы өмір мен өлім арасындағы күй кешкен «құдықты аңсаған сюжет» оқиғаларынан, аңыздардан, көркем шығармалардан т.б. анық байқай аламыз, демек, құдық бұл тұста, витальдік-өмірмәнділік құндылыққа айналады да, тарихи жадыда «Іздер» ретінде сақталып қалады. Әрине, бұл көріністі қазіргі өркениет заманы призмасынан қарасақ, құдық құндылығы бізге сезіле бермейді.

8. *Лингвистикалық философия*. Когеренциялы ақиқат тұрғысынан келсек, халықтық сенімдерді негізге алатын басқа бір келесі тізбектелетін ақиқат сөйлемдер «мақұлданады». Бірақ бұл тұста, сүйенетін ақиқат ғылыми-теориялық емес, көпшілік ақиқат деп санайтын діни сенімдер негіз болып табылады. Демек, Ұкаша ата мен құдыққа қатысты пікірлер мен түсініктердің барлығы ақиқат «болып шығады». Өйткені, ол діни сенімдерді негіз етіп ала алады. Яғни, құдық туралы нарративтер белгілі бір деңгейде діннің бекітілуі сәттері мен жоққа шығарылу дәйектеріне ғана тәуелді болып кетеді. Нақтырақ айтқанда, құдық пен Ұкаша ата туралы аңыздарды дінмен бекітіп қою тәсілі болып шығады.

Әдебиеттер тізімі

1 Мырзабай С. Балалықтан даналыққа: Отбасы хрестоматиясы. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», – 2021. – 224 б.

2 Кузин Ф.А. Методика написания. Правила оформления. Порядок защиты. Практическое пособие для докторантов, аспирантов и магистрантов / Под ред. Абрамова В.А. – 4-е изд., доп. – М.: Ось-89, 2011. – 448 с.

3 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2017. – 728 б.

4 Абжалов, С.У. Діни тәжірибе: дінтанулық талдау// *ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы.* – 2017. – № 1. – 36-45 б.

5 Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным. – М.: Политиздат, 2008. – 225 с.

6 Элиаде М. Священное и мирское / Пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К. Гарбовского. – М.: Изд-во МГУ, 1994. – 144 с.

7 Зёдерблом Н. Становление веры в Бога. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – М.: Канон, 1998. – 360 с.

8 Мұрат Жетпіспай. Ахундар мұрасына адалдық // *Егемен Қазақстан*.-30 қыркүйек.-2022.-5 б.

9 Омарова Г.С. Қазақ ишандары мен діни қайраткерлердің қазақ жерінде ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі // *ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Саясаттану сериясы. Мәдениеттану сериясы.* - №2(39). - 2012. - 48-51 бб.

10 Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург.1910. 332 с., 21 л. табл.(Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. 22) // *Туркестанский сб.* – 1916. – Т.570. – С. 1-332.

11 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия. – Алматы: ТОО әлем Даму Интеграция, 2017. –Т1. – 548 б.

12 Қазыналы оңтүстік / Құраст.: Қ.Т. Тәжиев, Ш.И. Исахова. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2014. – Сер.: Түркістан кітапханасы. – Т. 144: Оңтүстік Қазақстан облысының агиотопонимы. – 328 б.

13 Қазыналы оңтүстік / Құраст.: Қ.Т.Тәжиев. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2011. – Сер.: Түркістан кітапханасы. – Т. 22: 3-кітап: Өз әулиелер. – 304 б.

14 Түркістан – руханият бесігі. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші кітап. – Нұр-Сұлтан. Нұрнама. KZ, 2019. – 504 б.

15 Вильгельм Рихард, Вильгельм Гельмут. Понимание «И ЦЗИН». Переводчик: Курносова В.Б. – Новый Акрополь, 2012. – 224 с.

16 Қазыналы оңтүстік / Құраст.: Қ.Т.Тәжиев. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2011. – Сер.: Түркістан кітапханасы. – Т. 22: 2-кітап: Өз әулиелер. – 320 б.

17 Түркістан тарихы мен мәдениеті. Ғылыми мақалалар жинағы. – Түркістан, 2000. – 216 б.

18 Көктәнді Хамза. Түркі теберігі Түркістан. «Қасиет». – Алматы, 2008. – 191 б.

19 Манапов Ә., Байболов Б. Ұқаша ата (142 мыңнан астам зияратшы-турист құдықтың құпиясына қанықты). «Egemen Qazaqstan» «egemen.kz» желілік басылымы (2020 жылғы 16 сәуір). [Электронды ресурсы]. URL: <https://egemen.kz/article/229809-ukasha-ata-142-mynhnan-astam-ziyaratshy-turist-qudyqtynh-qupiyasyna-qanyqty> (қаралған күні: 10.05.2024)

Transliteration

1 Myrzabaj S. Balaliktan danalikka: Otbasy hrestomatijasy [From infancy to wisdom: A family reading]. – Almaty: «Otbasy hrestomatijasy», – 2021. – 224 b.

2 Kuzin F.A. Metodika napisaniya. Pravila oformleniya. Porjadok zashhity. Prakticheskoe posobie dlja doktorantov, aspirantov i magistrantov [Methodology of Writing. Formatting Rules. Defense Procedure. A Practical Guide for Doctoral, Postgraduate, and Master's Students.]. / Pod red. Abramova V.A. – 4-e izd., dop. – M.; Os'-89, 2011. – 448 s.

3 Sejdimbek A. Qazaqting auyzsha tarihi: zertteu [The Oral History of the Kazakh People: A Study]. – Astana: Foliant, 2017. – 728 b.

4 Abzhalov, S.U. Dini tazhiribe: dintanulyq taldau [Religious Practice: A Theological Analysis] // *QazUU habarshysy. Filosofija serijasy. Madeniettanu serijasy. Sajasattanu serijasy.* – 2017. – № 1. – 36-45 b.

5 Otto R. Svjashhennoe. Ob irracional'nom v idee bozhestvennogo i ego sootnoshenii s racional'nym [On the Irrational in the Idea of the Divine and Its Relation to the Rational]. – M.: Politizdat, 2008. – 225 s.

6 Jeliade M. Svjashhennoe i mirskoe [The Sacred and the Profane] / Per. s fr., predisl. i komment. N.K. Garbovskogo. – M.: Izd-vo MGU, 1994. – 144 s.

7 Zjoderblom N. Stanovlenie very v Boga. V kn.: Mistika. Religija. Nauka. Klassiki mirovogo religiovedeniya. Antologiya. [The Formation of Faith in God. In the book: Mysticism. Religion. Science. Classics of World Religious Studies. Anthology]. – M.: Kanon, 1998. – 360 s.

8 Murat Zhetpispaj. Ahundar myrasyna adaldiq [Fidelity to the Legacy of Akhuns] // *Egemen Qazaqstan*. – 30 qirkuyek. – 2022 zh. – 5 b.

9 Omarova G.S. Qazaq ishandary men dini qajratkerlerdin qazaq zherinde islam qundiliktarin qalipastirudagi kyzmeti [The Contribution of Kazakh Ishans and Religious Figures to the Formation of Islamic Values in the Kazakh Land] // *QazUU habarshysy. Filosofiya serijasy. Sajasattanu serijasy. Madeniettanu serijasy*. – №2 (39). – 2012. – 48-51 bb.

10 Kastan'e I.A. Drevnosti Kirgizskoj stepi i Orenburgskogo kraja [Antiquities of the Kirghiz Steppe and the Orenburg Region]. Orenburg. 1910. 332 s., 21 l. tabl. (Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. 22) // *Turkestanskij sb.* – 1916. – T. 570. – S. 1-332.

11 Qazaqtin jetnografijalyq kategorijalar, ugimdar men ataularining dasturli zhuyesi: Enciklopediya [The Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts, and Terms of the Kazakh People: Encyclopedia]. -Almaty: TOO alem Damu Integracija, 2017. – T 1. – 548 b.

12 Qazinali ongtustik [The Treasured South] / Qurast.: Q.T. Tazhiev, Sh.I. Isahova. – Almaty: «Nurli Alem», 2014. – Ser.: Turkistan kitaphanasy. – T. 144: Ontustik Qazaqstan oblysyning agiotoponimy [The Hagiotoponyms of the South Kazakhstan Region]. – 328 b.

13 Qazinali ontustik [The Treasured South] / Qurast.: Q.T. Tazhiev. – Almaty: «Nurli Alem», 2011. – Ser.: Turkistan kitaphanasy. – T. 22: 3-kitap: Az aulieler [The Holy Elders]. – 304 b.

14 Turkistan – ruhanijat besigi. Lingvo-olketanu enciklopedijasy. Birinshi kitap. [Turkistan – The Cradle of Spirituality. A Linguistic and Regional Studies Encyclopedia. Volume One.]. – Nur-Sultan. Nurnama. KZ, 2019. – 504 b.

15 Vil'gel'm Rihard, Vil'gel'm Gel'mut. Ponimanie «I CZIN» [The Understanding of “I Ching”]. Perevodchik: Kurnosova V.B. – Novyj Akropol', 2012 g. – 224 s.

16 Qazynaly ontustik [The Treasured South] / Qurast.: Q.T. Tazhiev. – Almaty: «Nurly Alem», 2011. – Ser.: Turkistan kitaphanasy. – T. 22: 2-kitap: Az aulieler [The Holy Elders]. – 320 b.

17 Turkistan tarihy men madenieti. Gilimi maqalalar zhinagi [The History and Culture of Turkistan. A Collection of Scientific Articles]. – Turkistan, 2000. – 216 b.

18 Koktandi Hamza. Turki teberigi Turkistan. «Qasiet» [The Turkic Heartland Turkistan. “Qasiet”]. – Almaty, 2008. – 191 b.

19 Manapov A., Bajbolov B. Ukasha ata (142 mingnan astam ziyaratshy-turist qudiqting qupiyasina qanikti). «Egemen Qazaqstan» «egemen.kz» zhelilik basylymy (2020 zhilgi 16 sauir) [Ukasha Ata (Over 142 Thousand Pilgrims and Tourists Unveiled the Secret of the Well). «Egemen Qazaqstan» Online Publication (April 16, 2020)]. [Elektrondy resurs]. URL: <https://egemen.kz/article/229809-ukasha-ata-142-mynhnan-astam-ziyaratshy-turist-qudyqtnh-qupiyasy-na-qanyqty> (Qaralghan kuni: 10.05.2024).

Наби А.Ж., Абжалов С.У., Нурматов Ж.Е., Рыскиева А.А.

Феномен «аулие» в традиционном казахском мировоззрении и проблема сакральных ценностей

Аннотация: В данной статье предпринята философская интерпретация проблемы сакральности «колодца Укаша ата». Вначале проведен обзор концепции «сакральности» и ее специфического значения в методологии религиоведения. Сакральность колодца Укаша ата представлена в работе в двух основных аспектах: во-первых, через анализ личностной сущности Укаша ата, его биографии, роли в исламе и обществе; во-вторых, посредством выявления конкретного исторического содержания образа «колодца» в целом и его феноменологического статуса в рамках сакрального пространства.

Исследование в первую очередь основывается на этнографических источниках, отражающих представления об Укаша ата и его колодеце. При этом основной акцент сделан на религиозно-апологетических взглядах, показывающих сакральность данного феномена в народном сознании, а также раскрывающих Укаша ата и его колодец как ценностные ориентиры. Ввиду отсутствия эмпирических естественнонаучных данных, методологическая база исследования опирается преимущественно на нарративные источники и религиозно-философские концепции, в которых мировоззрение ислама занимает центральное место. В тоже время приоритетным для авторов остается анализ проблем с точки зрения рационально-философского осмысления. В статье с опорой на общественное мнение и этнографические данные как эмпирическую основу, а также интерпретацию проблемы колодца Укаша ата в контексте интегративного познания, предлагается рассмотрение результатов исследования с различных точек зрения, среди которых: амбивалентный диссонанс; демистификация и скептицизм свободного мышления; аксиологический анализ – переоценка сакральных ценностей; национальный менталитет и культурный код; а также деконструкция (психоаналитический подход); прагматическая реконструкция (рассмотрение сакрального как функционального конструкта истины) и лингвистическая философия.

Ключевые слова: сакральность, аулие, колодец, философия, ислам, мистика, мифология, национальная идентичность.

Nabi A., Abzhalov S., NurmatovZh., Ryskiyeva A.

The Phenomenon of ‘Aulie’ in Traditional Kazakh Worldview and the Issue of Sacred Values

Abstract. In this article a philosophical interpretation of the problem of sacredness of the «Ukasha Ata well» is undertaken. At first, the concept of «sacredness» and its specific meaning in the methodology of religious studies are reviewed. The sacredness of the well of Ukasha Ata is presented in the paper in two main aspects: firstly, through the analysis of the personal essence of Ukasha Ata, his biography, his role in Islam and society; secondly, through the identification of the specific historical content of the image of the «well» as a whole and its phenomenological status within the sacred space. The study is primarily based on ethnographic sources reflecting the perceptions of Ukasha Ata and his well. The main emphasis is placed on religious and apologetic views that show the sacredness of this phenomenon in the popular consciousness, as well as reveal Ukasha Ata and its well as value reference points. Due to the lack of empirical natural-scientific data, the methodological basis of the study relies mainly on narrative sources and religious-philosophical concepts in which the worldview of Islam occupies a central place. At the same time, the priority for the authors remains the analysis of problems from the point of view of rational and philosophical understanding. The article, relying on public opinion and ethnographic data as an empirical basis, as well as the interpretation of the problem of Ukasha Ata well in the context of integrative cognition, offers an examination of the research results from various perspectives, among which are: ambivalent dissonance; demystification and scepticism of free thinking; axiological analysis – reassessment of sacred values; national mentality and cultural code; as well as deconstruction (psychoanalytic approach); pragmatic reconstruction (consideration of the sacred as a functional construct of truth) and linguistic philosophy.

Keywords: sacredness, aulie, well, philosophy, Islam, mysticism-mythology, national identity.

Келін түсті 06.03.2025

Қабылданды 10.06.2025